



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

- ориентации целей, средств и критериев качества среднего профессионального образования на становление нового типа работника, для которого потребность в творчестве и саморазвитии приобретет значимый характер;

- актуализации воспитания и формирования культуры будущего работника;

- развития системы непрерывного профессионального образования для удовлетворения потребности личности в повышении уровня образования.

Психологическая адаптация студентов к профессиональной деятельности включает в себя множество аспектов: мотивационную готовность, коммуникативную, ценностно-смысловую, познавательную, волевою. Психологически готовый студент является субъектом своей деятельности, который сам ставит цели и определяет пути и средства их достижения, несёт ответственность за последствие их реализаций.

Таким образом, вуз должен создавать оптимальные условия для профессионального становления и личностного роста студентов.

Список использованных источников:

1. Андреева Д.А. О понятии адаптации. Исследование адаптации студентов к условиям учебы в вузе // Человек и общество, Вып. XI-П.- М., 1973.- С. 25-27.
2. Асеев В.Г. Теоретические аспекты проблемы адаптации // Адаптация учащихся и молодежи к трудовой и учебной деятельности - Иркутск, 1986. - С.3-17.
3. Яницкий М.С. Состояния психической дезадаптации у студентов и пути оптимизации адаптационного процесса в вузе // Вопросы общей и дифференциальной психологии. Кемерово, 1998. - С. 58-67.
4. Вершинина Т.Н. Производственная адаптация рабочих кадров // Социально-экономические проблемы труда на промышленном предприятии - Новосибирск, 1979.- С. 238-263.

УДК 616

ҚАРТТАР ҮЙІНДЕГІ ҚАРТ АДАМДАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ҚҰҚЫҒЫНЫҢ ҚОРҒАЛУЫ

Шайлазова Әсел Қайратқызы

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті,
Әлеуметтік жұмыс мамандығының 3 курс студенті

Капин Батина

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті,
әлеуметтану кафедрасының оқытушысы

Қоғамда адамдар топтарының түрлі ерекшеліктеріне байланысты өз орындары мен атаулары бар. Қарттар дегеніміз - жас мөлшері орта жастан асып кеткен, өмірлік тәжірбиесі бар, біршама жұмыс белсенділігімен, күш – қуатымен және ерік – жігері төмен келетін адамдар тобы болып табылады. Қартаю мәселелерін геронтология ғылымы зерттейді. Геронтология (gerontos – қарт адам, logos - ғылым) – бұл организмнің қартаюының жалпы процесін, жасаралық динамиканың биологиялық қырларын, яғни кәрілікпен және өліммен аяқталатын жасаралық процесс туралы ғылым.

Кез келген қоғамды қарттарсыз елестету мүмкін емес және мүмкін де болмайды. Қарттар халық құрамының ересектер тобына жатады және түрлі ерекшеліктері мен бойындағы қайталанбас қасиеттерімен ерекшеленіп отыратын жиынтық. Қарттар сөзін естіп немесе айтқан кезде, ең алдымен ойға үлкен даналық пен көрегендіктің үлгісі ұялайтыны сөзсіз. Бірақ, барлық қарттарды біз олай тізбектеп сараласақ, дұрыс нәтиже мен шешім бермейтіні анық нәрсе. Қарттар арасында білікті, данагөй, ақылшы, парасатты және өнегелі, кеменгер қарттарымыз да көптеп кездеседі және кездесіп жатады. Ал, кей

тұстарда қарттар арасында түсінігі кем және белгілі ауру мен сырқауға ұшырап, өмірдің қиын азабын тартып жатқан қарттарымыз да бар. Осындай келеңсіз өмір сүру барысында қаншама қиыншылықты бастан кешіріп, көп адамдарға ұнамсыз көрінетін кездер мен кезеңдер де болады. Біздің қоғамда, яғни ХХІ ғасырда, қоғамдағы асыл адамдар, қарттар мәселесін көп жағдайда жағдай көптеп жасалмаған және оларды осы өмірдегі керекті жандар екенін түсіндіріп жатқан ұйым жұмысы мен адамдар тобының жұмысы атап айтарлықтай емес. Осындай іс- әрекеттің әсерінен, көп қарттар өз белсенділігі мен жігерлілігін ескермей, өмірден ерте түңіліп жататын тұстар болып отырады.

Қазіргі таңда адамдардың қартаюы жаһандық мәселеге айналып отыр. Бүкіләлемдік денсаулық сақтау ұйымдары классификациясына сәйкестендіріліп, қарттық жас 60 – тан 74 жасқа дейін, кәрі жасқа 75 пен 89 жас, көп жасаушыларға 90 және одан да көп жыл өмір сүргендер жатқызылған. Дамыған елдерде азаматтардың қартаю процесі аз дегенде үш онжылдықты қамтыса, қарт адамдардың үлесі 15 – 20% - ды құрайды екен. Дамушы елдерде туу күрт азайып, қартаю белсенді сипат алады деп болжанған. Біріккен Ұлттар Ұйымының эксперттерінің болжамы бойынша әрбір оныншы тұрғынның жасы 60 және одан да жоғары болған. Бұл елдің қартаю процесі деп саналады. Біздің еліміз Қазақстанда жасы 65- тен асқан адамдар 7 – 8% құраған көрінеді. Біріккен Ұлттар Ұйымының мәліметтері бойынша 2050 жылдары 60 жастан асқан адамдар саны жер бетіндегі халықтың жартысын құрайды деген болжам бар. Қазақстанда ерлердің өмір сүру ұзақтығы 63,5 жасты, әйелдер жасы 73, 6 жасты, ал жалпы орта жас 68,6- ны құраған. Мұның өзі көңіл аударарлық жағдай болып табылады. Себебі, халықтың қартаюы мемлекет болсын, қоғам болсын ол тиімсіз болып келеді. Мұндай мәселе шеңберінде, халық белсенділігі мен жұмыс өнімділігі біршама баяу болуы мүмкін[1].

ҚР Денсаулық сақтау министрі Елжан Біртановтың айтуынша, соңғы жылдары елімізде балалар мен қарттардың саны артып келеді. 2009 жылғы ҚР халқының Ұлттық санағы мәліметтері мен ҰЭМ Статистика комитеті сайтындағы соңғы мәліметтер салыстыру бойынша – 2009 жылы 0-14 жастағы балалар саны жалпы халық санының 24,06 пайызына тең болса, 2016 жылы 27,13 пайыз болған. Ал 60 жастан асқан азаматтар үлесі 9,7 пайыздан 10,7 пайызға артқан. Мәліметтерді нақтылар болсақ, Қазақстандағы балалар шамамен 1 миллионға (940 000), ал егде жастағы азаматтар саны 350 мыңға көбейген[2].

Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің басымды бағыттарының бірі қарт адамдардың құқықтарын қорғау болып табылады. Адам құқықтары жөніндегі жалпыға бірдей декларацияның 22 – бабына сәйкес әрбір адам қоғам мүшесі ретінде ұлттық күштер мен халықаралық ынтымақтастық арқылы және әрбір мемлекеттің құрлымы мен ресурстарына сәйкес экономикалық, әлеуметтік және мәдениет саласында жеке тұлғаның еркін дамуы үшін және оның ар – намысын қолдау үшін қажеттіліктерді қамтамасыз етуге және әлеуметтік қамтамасыз етуге құқығы бар.

Соңғы 50 жылда әлемдегі орташа өмір ұзақтығы шамамен 20 жылға ұлғайды және 66 жасқа жетті. Осы уақытта туу төмендеп кетті. Осы екі жағдай қарт адамдардың абсолютты саны және олардың әлемнің жалпы халқының үлесінде ұлғаюына әкеп соқты. Халықтың ғаламдық қартаюы жаңа, бұрыннан белгісіз проблемаларды және сонымен қатар, жекелеген адамдардың өмірін ұйымдастыру және әлеуметтік – экономикалық және мәдени ортаның қалыптасуы үшін жаңа мүмкіндіктер ашады.

Халықаралық қауымдастық қарт адамдарды қорғау бойынша қадамдар қабылдап жатыр. 1991 жылы Бас Ассамблея қабылдаған БҰҰ қарт адамдарға қатысты принциптері қарт адамдардың мәртебесіне қатысты бес салада жалпыға бірдей стандарттарды бекітті: материалдық тәуелсіздік, қоғамдық – саяси өмірге қатысу, отбасы және қауымдастық тарапынан күтуді қамтамасыз ету, ішкі әлеуетті іске асыру және қабілетті және қауіпсіз өмір салтын қамтамасыз ету [3].

БҰҰ-ның қарт адамдарға қатысты 1 – қағидасынан шығатын, қарт адамдарға қоғам тарапынан қолдау көрсету, азық-түлік, су, тұрғын-үй қамтамасыз ету арқылы және медициналық қызмет көрсету талаптарына сәйкес қол жетімділікке ие болу тиіс. Қарттар мен мүгедектерге арналған интернат – үйлері бүгінде қарттарға қамқорлықты жүзеге асыратын мемлекеттік мекемелердің кең тараған түрі болып табылады.

Қарттар мен мүгедектерге арналған интернат-үйлердің қызметін Қазақстан Республикасы Еңбек және әлеуметтік қорғау министрі міндетін атқарушысының 2005 жылғы 1 желтоқсандағы бұйрығымен бекітілген Қарттар мен жалпы үлгідегі мүгедектерге арналған мемлекеттік медициналық-әлеуметтік мекемелерде және мемлекеттік емес медициналық-әлеуметтік мекемелерде әлеуметтік қызмет көрсетулердің үлгі ережелері (бұдан әрі – Үлгі ереже), 2005 жылғы 1 желтоқсанда қабылданған «Мүгедектер мен қарттарды үйде әлеуметтік көмек бөлімшелерінде, аумақтық әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарында, мемлекеттік медициналық – әлеуметтік мекемелерде және мемлекеттік емес медициналық – әлеуметтік ұйымдарда әлеуметтік қызмет көрсету» 1457-2005 ҚР ГОСТ (бұдан әрі – ГОСТ) реттейді.

Қарттар мен жалпы үлгідегі мүгедектерге арналған интернат-үйі денсаулық жағдайына байланысты тұрақты күтімді, тұрмыстық және медициналық қызмет көрсетуді, әлеуметтік – еңбекке бейімделуді қажет ететін қарттар мен 1, 2 – топтағы мүгедектердің уақытша немесе тұрақты тұруына арналған медициналық – әлеуметтік мекеме болып табылады. Қарттар мен мүгедектерге арналған интернат – үйінің қызметін басқаруды облыстық еңбек және халықты әлеуметтік қорғау басқармасы жүзеге асырады.

Ардагерлер, мүгедектер ісі кеңесінің шешімі бойынша ерекше жағдайларда интернат – үйге қақтығыстар себебінен бірге тұру мүмкін емес кәмілетке толған еңбекке қабілетті жақын туыстары бар қарттар мен бірінші, екінші топтағы мүгедектер қабылдануы мүмкін. Интернат – үйде мемлекеттік қамқорлыққа алынған негізгі контингентке залал келтірмей, тұрмыстық және медициналық қызмет көрсетуді қажет ететін қарт азаматтардың уақытша және тұрақты тұруына арналған ақылы бөлімдер ұйымдастыруға жол беріледі.

Интернат – үйінің негізгі міндеттері мыналар болып табылады: қарттар мен мүгедектерді материалдық-тұрмыстық қамтамасыз ету, оларға үйдегіге ұқсас өмірдің қолайлы жағдайларын жасау; онда тұратын адамдарға күтімді ұйымдастыру, оларға медициналық көмек көрсету және мәдени бұқаралық жұмыс жүргізу; мүгедектерді әлеуметтік-тұрмыстық және еңбектік ақтап алуға бағытталған іс-шараларды жүзеге асыру.

Ақмола облысы Астана қаласының маңында үш қарттар үйі бар. Олар:

6. Астана қаласы әкімдігінің «Шарапат» әлеуметтік қызмет көрсету орталығы;
7. "Адал Ниет Астана" Жеке қайырымдылық қоры;
8. Целиноград ауданы, КМУ, Малотимофеевка ауылындағы арнайы әлеуметтік қызметтер орталығы.

Әр мекеменің өз алдына қойған мақсат міндеттері бар, дегенмен олардың бір ортақтығы әлеуметтік көмекті қажет ететін қарт жастағы адамдарға арналған болып табылады.

Астана қаласы әкімдігінің «Шарапат» әлеуметтік қызмет көрсету орталығы – бұл егде жастағы адамдарға және мүгедектерге сапалы көмек көрсетудің барлық түрлерін көрсететін көп жылдық тәжірибесі бар мемлекеттік мекеме. Орталық зейнеткерлік жасқа жеткен және I және II топтағы мүгедектерге, жалғызбасты және тұрақты қамқорлықты қажет ететін адамдарға арналған. Бұл мекеме 1989 жылдан бері жұмыс істеп келеді, 2007 жылы Елбасы Н.Назарбаевтың бастамасымен «Көктал-1» тұрғын үйінде жаңа ғимараты ашылды. Мекеменің қызметі резиденттердің қажеттіліктерін толық қанағаттандыруға, арнайы әлеуметтік қызметтерді ұсыну арқылы сапасын үздіксіз жақсартуға және қызмет алушылардың әлеуметтік бейімделу тиімділігіне бағытталған. Ол өзіне-өзі қызмет көрсету және қозғалыстың толық немесе ішінара жоғалтылған, сондай-ақ қиын өмірлік жағдайға тап болған адамдар үшін тұрақты және уақытша тұруға арналған. Орталықтың мақсаты - қарттар мен мүгедектердің стационарлық әлеуметтік қызметтерге кепілдік беру құқығын жүзеге асыру.

"Адал Ниет Астана" Жеке қайырымдылық қоры мүгедектік және дене кемістігі бар адамдарға, психикалық ауруларға және есірткіні қолдануға байланысты бұзылулары бар адамдарға арналған қызмет орталығы.

Ақмола облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінде Малотимофеевка ауылының арнайы әлеуметтік қызметер орталығы Целиноград ауданы, Малотимофеевка ауылы, Бейбітшілік, 26 мекенжайы бойынша орналасқан.

Ақмола облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінде, Целиноград ауданы, КМУ, Малотимофеевка ауылындағы арнайы әлеуметтік қызметтер орталығы әрқашан қиын өмірлік жағдайдағы адамдарға баспана беруге дайын. Ақмола облысының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының қызметкерлері мен әлеуметтік қызметкерлері барлығы бір отбасындай тұрады. Себебі, Малотимофеевка ауылындағы арнайы әлеуметтік қызметтер орталығына барған кезімізде ол орталықтың қызметкерлерінің көп бөлігі КСРО кезінен бастап, әлі күнге дейін сол жерде жұмыс атқарып келеді екен. Тәжірибесі мол, өз ісінің білгері болғанымен де бұл оңай жұмыстардың бірі емес. Бұл секілді орталықтарда қызмет ету үшін үлкен жауапкершілік, сабыр мен төзімділік қажет. Дәл осы секілді қасиеттерді сол орталықтың қызметкерлерінен де аңғарған болатынбыз. Бізге бөлмелерді аралап шығуға, қарттармен танысуға, олармен сұхбаттасуға рұқсат берілді. Қарт әжелер мен аталардың өздері де бізді құшақ жая қарсы алды. Күтушілері мен қызметкерлерін құшақтап, олардың қамқорлығы туралы бізге айтып беріп жатты. Ол кісілерге көп мүмкіндіктер жасалынған. Бөлмелері таза, әр қайсысының өз төсегі, шкаф және сөрелері бар. Әр бөлмеде теледидар мен тоңазытқыш та бар.

Олармен әңгімелесу кезінде «Барлығы да бар, барлығы да жетеді. Уақытымен мезгіл сайын тамақтандырады, зейнетақымызды уақытында аламыз. Түрлі іс – шаралар, концерттер өтеді. Күн жылы болғанда далаға шығып демаламыз. Бұл жер жаздыкүні тіпті ерекше: түрлі жеміс ағаштары гүлдеп, айнала көкке толып, ерекше көрініс береді» деді. Біздің келуімізге әрқашан да қуанышты екендіктерін білдіріп және түрлі тәттілерімен де бөлісті.

Қаншама қарт кісілер түрлі себептер мен түрлі жағдайларға байланысты қарттар үйінде тұрып жатыр. Олардың тұрмыс жағдайы біз ойлағандай немесе қалыпқа сәйкес болмауы да мүмкін. Алайда, группаластарыммен бірге барған қарттар үйіндегі қарт кісілердің жағдайы туралы шын мәнінде де жақсы деп айта аламын.

Қарттар мәселесін алып қарайтын болсақ, қарттардың өмір сүру жағдайында кез-келген қоғамда мынадай негізгі, өзекті мәселелер бар:

Бірінші жағынан алатын болсақ, азық-түлікпен қамтамасыз ету, баспана және киім, алғашқы медициналық қызмет көрсету, пайда табатын жұмыспен айналысу, өзгермелі жағдайға сәйкес өмір сүру қауіпсіздігі, көбірек үй жағдайында болу, өз қозғалыстары мен бірлестіктерін құру және оған белсенді араласу мәселесінде көптеген мәселелер туындап отырады.

Екінші мәселе тұсынан алатын болсақ, өз мүмкіндіктерін жан-жақты жүзеге асыру, яғни білім, мәдениет, рухани өмір мен демалыс саласындағы қоғамдық құндылықтарға қолжетімді болу мәселесінде.

Үшіншіден алатын болсақ, басқалар тарапынан қанау, физикалық немесе психикалық зорлыққа ұшыратпау, қауіпсіз өмір сүру, жас ерекшелігіне, жынысы, нәсілдік немесе этикалық ерекшеліктеріне, мүгедектік немесе басқа да жағдайларға байланысты әділдікке құқығы болуы немесе болмауы негізге алынады.

Дәл осы айтылған мәселелер бойынша Целиноград ауданы, КМУ, Малотимофеевка ауылындағы арнайы әлеуметтік қызметтер орталығында өмір сүретін қарт кісілердің әлеуметтік құқықтары толығымен қорғалған.

Бүгінгі таңда жер бетіндегі өзекті мәселелердің бірі, планетадағы тұрғындардың қартаю дәрежесінің өсуі болып отыр. Осы тұрғыда дүниежүзі ғалымдары әртүрлі пікірлер айтуда. Оның себебі неде болса да, осы қартайған адамдар қай қоғамда болмасын толыққанды тұлға ретінде өмір сүруге құқылы.

Қарт адамдар мәселесін шешуде, әртүрлі ғылым салалары ат салысуда. Атап айтсақ психология, геронтология, әлеуметтану, әлеуметтік жұмыс және т.б. Осылардың зерттеулеріне сүйенетін болсақ, бұл проблеманың одан әрі етек жаюы мүмкін.

Қарт адамдар қоғамымыздағы кез келген тұлға сияқты, қолайлы өмір сүруге құқылы. Олардың өмірінде, қазіргі заман талабына сай әртүрлі жағдайлар жасалуы қажет. Олар үшін кәдімгі адамдар сияқты тегін медициналық көмек алуға, қуануға, қыдыруға және демалуға жағдайлар жасау қажет. Қарттарға барлық жағдайды ұйымдастыру тікелей мемлекеттің меншігіндегі іс болып табылады. Қарттар қоғамымыздағы баға жетпес байлығымызбен асыл қазынамыз, қамқор жандарымыз болып табылады. Қариялар кім десек - көргені мен білгені көп, айтары мен ақылы көп, үйретері мен көрсетері көп асыл жандар. Кез - келген адам өз отбасындағы қарияларды сыйлап, оларды құрметтеп, көңіліне қаяу салмай, өмірінің ары қарай жалғасуына жағдай жасап, осы бес күн жалғанда тек алақанына салып, ардақтап, үлгі тұтса нұр үстіне нұр болар еді! Қарттар үйіндегі қарияларға қызмет етушілер қолдан келгенше адал қызмет жасап, ол тұлғалардың көңіліне кірбің түсірмей, тек сыйлап қызмет жасаса, жақсы қоғамдағы жақсы қызмет болар еді. “Әке асқар тау, ана шалқар көл” - деп айтады қазақтың асыл астарлы мәтел сөзінде. Әр адам өз әкесі мен анасын қолдан келгенше құрметтеп, сыйласа екен дейміз. Қарттардың бүгіні бар және ертеңгі күнінің санаулы қалғанын естен шығармайық! Еліміз бен халқымыз аман болып, асыл жандарымыз, ол әрине қарттарымыз аман болсын!

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Сансызбаева Г.Н. Система Социальной защиты населения и ее проблемы А., 1998
2. <https://factcheck.kz/kaz/basty-bet/shyndyk-kazakstanda-karttar-men-balalar-ulesi-artuda-birtanov/>
3. http://www.ombudsman.kz/kz/publish/docs/doklad_zhyl/detail_2.php?ID=1311
4. Нұрбекова Ж.А. Әлеуметтік жұмысқа кіріспе А., 2012
5. Сарыбаева И.С. Әлеуметтік жұмыстың әдістері мен технологиялары А., 2013

УДК 37.014.48

КӨШБАСШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРДІ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Шалхарова Гульжан Байғалиевна

gulzhansh@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, психология мамандығының 4 курс студенті Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – А.Р. Мандықаева

Ел Президенті Н.Ә. Назарбаев Қазақстан халқына арнаған Жолдауында: «Біз тәуелсіз егеменді еліміздің негізін қаладық. Біз жаңа құндылықтар жүйесіне тезірек бейімделіп кеткен, болашаққа жаңаша көзқарасы бар жас ұрпаққа сүйене отырып, бұқаралық сананы төзімділікпен жаңғыртуға тиіспіз» деп атап өтті. Өскелең ұрпақтың көшбасшылық қасиетінің қалыптасуы мен кәсіби біліктілігінің жетілуі, патриотизм мен құқықтық мәдениеттің жоғары деңгейі қоғамның басым міндеттері болып табылады.

Қазіргі жастар – халықтың әлеуметтік белсенді бөлігінің бірі, жаңа идеялар, өмірлік күш пен қоғамдық қуаттың генераторы. Жастар – елдің болашағы ғана емес, олар – елдің болашағын жасайтын бүгінгі.

Көшбасшы (ағылшын тілінен leader – жетекші) – қоғамға, ұйымға немесе топқа ықпал етуге қабілетті тұлға. [1;14]. Т.В. Бендастың ойынша «Көшбасшы – белгілі жағдайларда жауапты шешімдерді қабылдай алатын топтың мүшесі, яғни топтағы бірлескен іс-әрекетті ұйымдастыруда және оны реттеуде негізгі орынға ие болатын беделді тұлға»[2;19].